

Исакова Сабира Сагынбековна*¹

Филология ғылымдарының докторы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, sabira-i@yandex.ru, ORCID ID: 0000-0003-2986-8885

Култанбаева Нургул Калдыгуловна²

PhD, доцент, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, nuryku76@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-4609-6135

ЕРТЕГІ ДИСКУРСЫНДАҒЫ ИНТЕРТЕКСТУАЛДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕРДИСКУРСИВТІЛІК КАТЕГОРИЯСЫ (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Аңдатпа. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – ертегі дискурсындағы интертекстуалдылық пен интердискурсивтілікті анықтау. Мақалада қазіргі тіл білімі ғылымында мәтін талдаудың бір түрі ретінде қолданылып жүрген интертекстуалдылық және интердискурсивтілік әдісі, олардың ертегі дискурсында қолданылу ерекшеліктері мәселелері қарастырылды. Зерттеуде дискурс талдау әдісі, семантика-стилистикалық әдіс, дефинициялық талдау әдісі, мәнмәтіндік талдау әдісі, салғастырмалы әдіс қолданылды. Мақалада қазақ және орыс тілдеріндегі авторлық ертегілер, халықтық ертегілердегі интертекстуалдылық пен интердискурсивтілік категориясы талданды. Зерттеу нәтижесінде халықтық және авторлық ертегілердегі интертекстуалдық пен интердискурсивтілік категориясы жаңа мәтінді құруға негіз болатыны дәлелденді. Ертегідегі интертекстуалдылық пен интердискурсивтіліктің негізгі белгілері анықталды. Ертегілердегі прецеденттік кейіпкерлер, прецеденттік ұғымдар, имлицитті, эксплицитті ақпараттар, мәдени кодтар, қайталанатын эпизодтар интертекстуалдылық пен интердискурсивтіліктің негізгі белгілері болып саналады. Ертегідегі интертекстуалдылық пен интердискурсивтіліктің негізгі белгілері оқырманға мәтінді түсінуге, бұрынғы ақпаратпен салыстыруға, пайымдауға, қорытынды жасауға көмектеседі.

Кілт сөздер. Ертегі дискурсы, интертекстуалдылық, интердискурсивтілік, мәтін, прецедентті ұғымдар, маркерлер, мәдени кодтар, прецедентті мәтіндер, имплицитті, эксплицитті.

Исакова Сабира Сагынбековна*¹

Доктор филологических наук, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актөбе, Казахстан, sabira-i@yandex.ru, ORCID ID: 0000-0003-2986-8885

Култанбаева Нургул Калдыгуловна²

PhD, доцент, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актөбе, Казахстан, nuryku76@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-4609-6135

КАТЕГОРИЯ ИНТЕРТЕКСТУАЛЬНОСТИ И ИНТЕРДИСКУРСИВНОСТИ В СКАЗОЧНОМ ДИСКУРСЕ (НА МАТЕРИАЛАХ КАЗАХСКОГО И РУССКОГО ЯЗЫКОВ)

Аннотация. В статье рассмотрены вопросы интертекстуальности и интердискурсивности, используемые в современной лингвистической науке как форма анализа текста, особенности их применения в сказочном дискурсе. Цель статьи – выявить интертекстуальность и интердискурсивность в сказочном дискурсе. В исследовании использовались метод анализа дискурса, семантико-стилистический метод, метод дефиниционного анализа, метод контекстного анализа, метод сопоставления. В исследовании проанализированы авторские сказки на казахском и русском языках, категория интертекстуальности и интердискурсивности в народных сказках. В результате исследования доказано, что категория интертекстуальности и интердискурсивности в народных и авторских сказках лежит в основе создания нового текста. Выявлены основные признаки интертекстуальности и интердискурсивности в сказке. Прецедентные персонажи в сказках, прецедентные понятия, имплицитная, эксплицитная информация, культурные коды, повторяющиеся эпизоды считаются основными признаками интертекстуальности и интердискурсивности. Основные признаки интертекстуальности и интердискурсивности в сказке помогают читателю понять текст, сравнить с предыдущей информацией, рассуждать, делать выводы.

Ключевые слова. Сказочный дискурс, интертекстуальность, интердискурсивность, текст, прецедентные слова, маркеры, культурные коды, прецедентные тексты, имплицитный, эксплицитный.

Isakova Sabira Sagynbekovna^{*1}

Doctor of philology, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan, sabira-i@yandex.ru, ORCID ID: 0000-0003-2986-8885

Kultanbayeva Nurgul Kaldygulovna²

PhD, associate professor, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan, nuryku76@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-4609-6135

CATEGORY OF INTERTEXTUALITY AND INTERDISCURSIVITY IN FAIRY TALE DISCOURSE (ON THE MATERIALS OF KAZAKH AND RUSSIAN LANGUAGES)

Abstract. The article examines issues of intertextuality and interdiscursivity, used in modern linguistic science as a form of text analysis, and the specifics of their application in fairy-tale discourse. The purpose of article is to identify intertextuality and interdiscursivity in fairy-tale discourse. The research used method of discourse analysis, semantic-stylistic method, method of definitional analysis, method of contextual analysis, method of comparison. The study analyzes author's fairy tales in Kazakh and Russian, category of intertextuality and interdiscursivity in folk tales. Precedent characters in fairy tales, precedent concepts, explicit information, cultural codes, and recurring episodes are considered the main signs of intertextuality and interdiscursivity. The main signs of intertextuality and interdiscursivity in a fairy tale help reader to understand text, compare it with previous information, reason, and draw conclusions.

Key words. Fairy tale discourse, intertextuality, interdiscursivity, text, precedent concepts, markers, cultural codes, precedent texts, implicit, explicit.

Кіріспе. Қазіргі филология ғылымында қолданылып жүрген интертекстуалдылық термині көркем мәтінді талдаудың бір түрі ретінде танылып жүр. Зерттегендер: М.В. Ямпольский, И.В. Арнольд, Ю.Н. Тынянов, М.М. Бахтин, Ф де Соссюр, Ю. Кристева, Ж. Женнет т.б. Интертекстуалдылық дегеніміз белгілі бір мәтіннің трансформациялануы арқылы жаңа мәтіннің пайда болуы. Бұрынғы мәтінді жаңаша жаңғырту болып саналады. Жаңадан пайда болған мәтін бұрынғы мәтінге жаңаша мән, мағына үстейді. Автор өз сөзіне өзге біреудің сөзін қатыстыра отырып, жаңа мәтін жазады. Жазылған жаңа мәтін семантикасы бұрынғы мәтіннің семантикасын дамытады. Автор өз мәтінін жазуда бөгде мәтінді кірістіруі кейде саналы түрде жүзеге асса, кей кездері еркінен тыс болуы да мүмкін. Ескі мәтіндерді дәйектеме ретінде алуы автордың көркемдік ізденісіне байланысты жүзеге асады. Бұл интертекстуалдылық терминін алғаш рет Юлия Кристева енгізеді [1, 32]. М.Ю. Лотман интертекстуалдылықты “мәтін ішіндегі мәтін” деп атайды. Интертекстуалдылық ғылыми, тұрмыстық, ресми және көркем коммуникацияның барлық түрінде кездеседі. Сонымен қатар олар тіл жүйесінің қандай да бір бірлігі арқылы танылады. Қазақ тіл білімінде мәтіннің интертекстуалдылығы мен интердискурсивтілігі зерттелгенімен, ертегі дискурсы бойынша аталған мәселе назар аударуды қажет етеді. Ертегі мәтіндері құрылымдық-жүйелілік парадигмада көп зерттелгенімен, дискурсология ғылымының әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып зерттеу жаңа басталып келеді. Сондықтан қазақ және орыс ертегі дискурсындағы интертекстуалдылық пен интердискурсивтілікті салғастырмалы аспектіде зерттеу өзекті болып саналады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу дереккөзі ретінде қазақ авторлық, халық, сатиралық ертегілерден 7,2 баспа табақ, орыс авторлық, халық, сатиралық ертегілерден 7,5 баспа табақ мәтін талдауға түсті. Зерттеу барысында төмендегідей әдістер қолданылды: жалпы ғылыми әдістер – индуктивті әдіс, бақылау, талдау; арнайы лингвистикалық әдістер: дискурс талдау әдісі, семантика-стилистикалық әдіс, дефинициялық талдау әдісі, мәнмәтіндік талдау әдісі, салғастырмалы әдіс. Дискурс талдау әдісі ертегі дискурсын басқа дискурс түрлерінен ажырату мақсатында, оған тән жанрлық белгілерді анықтау үшін, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсету мақсатында қолданылды. Семантика-стилистикалық әдіс ертегі дискурсына қатысушылардың қарым-қатынас интенциясын, айтылымның стилистикалық сипатын, тілдің түрлі деңгейлерінде (фонетикалық, лексикалық, фразеологиялық, синтаксистік т.б.) интертекстуалдылық пен интердискурсивтілік тудыру тәсілдерін анықтауда қолданылды. Дефинициялық талдау әдісі зерттеудің тірек ұғымдарын анықтау мақсатында және ұғымдық аппаратын қалыптастыруда қолданылды. Мәнмәтіндік талдау әдісі ертегі дискурсындағы нақты жағдаяттардағы тілдік бірліктердің мағынасын, олардың мағыналық және ассоциациялық байланысын анықтау үшін қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Белгілі бір ақпаратты жеткізуші ретінде адаммен байланысты мәселелерді зерттеуге арналған антропоцентристік тәсіл ерекше сипаттары бар мәтінге сілтеме жасауды қамтиды. Мәтінді түсіну және түсіндіру қазіргі тіл білімінде мәтін тек ақпаратты сақтап, жеткізіп қана қоймай, сонымен қатар «мәдени жад конденсаторы» болғандықтан маңыздылыққа ие болып отыр [2, 67]. Сондықтан мәтіннің артықшылығы ретінде түсіндірудің көптігі автор мен оқырманның ақыл-ойы арасындағы диалогтың бір түрі болып табылады. Осыған байланысты интертекстуалдылық кез келген мәтіннің болуының қажетті шарты болып табылады, өйткені ол құрама болып табылатын жалпы мәдениеттің бөлігі. Бірде-бір мәтін реминисценция, аллюзия, еске түсіру және т.б. түрінде көрінетін сыртқы әсерлерден қалыс қалмайды. Сондай мәтіндердің бірі – ертегілер. Интеграция құбылысы қамтитын мәселелер ауқымында фольклорлық дискурс шеңберінде қарастырылатын ертегілік дискурстың орны ерекше. Оны ертегілік дискурстың лингвистикалық сипатынан анық

байқауға болады. Себебі «ертегі дискурсы» дегеніміздің өзі – коммуниканттар арасындағы белгілі бір ұлттың, этностың әлеуметтік-мәдени әлем бейнесін толықтай, әрі терең көрсететін шынайы сөйлеу әрекеті, яғни ертегі дискурсы мәдени коммуникацияға қызмет ететін ерекше таңбалар жүйесі. Олай болса, біздің ұсынып отырған анықтамамызға сай, ертегі дискурсы дискурстың келесі түрлерімен тығыз байланыс орната алады: фольклорлық дискурс, саяси дискурс, діни дискурс, философиялық дискурс. Яғни, ертегі дискурсы орын алатын нақты жағдаят пен анықталған мәселе қатысында жоғарыда аталған дискурс түрлерімен шектесіп, оларға тән белгілерді өз бойында қамтитын интердискурсивтік сипатын байқатады. Сөзіміз анық болу үшін біз одан әрі интертекстуалдылық және интердискурс терминдеріне тоқтала кеткенді дұрыс деп санадық.

«Интертекстуалдылық дегеніміз белгілі бір мәтіннің трансформациялануы арқылы жаңа мәтіннің пайда болуы. Бұрынғы мәтінді жаңаша жаңғырту болып саналады. Жаңа пайда болған мәтін бұрынғы мәтінге жаңаша мән, мағына үстейді» [3, 50]. Автор өз кезегінде өзге біреудің сөзін кірістіре отырып, жаңа мәтін жазады. Сөйтіп жаңадан пайда болған мәтін семантикасы бұрынғы мәтіннің семантикасын одан әрі дамытады. Интертекстуалдылық кең және тар мағынада түсіндіріледі. Кең мағына әдеби мәтінде, ал тар мағынада лингвистикада көрінеді деген пікірлер бар. Автор өз мәтінін жазуда өзге біреудің мәтінін кірістіруі кейде саналы түрде жүзеге асса, кей кездері еркінен тыс болуы да мүмкін. Әдебиеттің қай жанрында болса да интертекстуалдылық кездеседі. Солардың бірі – ертегілер. Халықтық ертегілердің құрылымдық ерекшеліктері баршаға белгілі. Ертегінің басталуы, одан әрі шиеленісуі, шарықтау шегі мен аяқталуы, шешімі барлық халықтар ертегілерінің мәтіндерінде бірдей десе де болады. Оқиға соңы бақытты болып аяқталады. Ал осы ертегі мәтінде кездесетін интертекстуалдылық пен интердискурсивтілік туралы баяндау үшін біз зерттеуімізде халықтық, авторлық ертегілерді, сатиралық ертегілерді алдық. Одан әрі халықтық ертегі мен авторлық ертегілерді үш тілде салыстыруды жөн көрдік. Мысалы, қазақ халқының «Ер Төстік» ертегісі мен авторлық ертегі «Гүлдер Ханшайым» ертегісін алып салыстырып көрейік. «Ер Төстік» ертегісі *ерте заманда Ерназар деген бай болыпты* деп басталып, ертегі одан әрі Төстіктің дүниеге келуімен, ер жетуі, батырлық сапары, т.б. болып өрбиді. Төстіктің ерекше бала болып өсуі мен ағаларын тапқаннан кейінгі түрлі сынақтарға тап болуы, оларды жеңіп, бақытты өмір сүруімен аяқталады. Бұл ертегіде де барлық ертегіге тән басталуы, шиеленісуі, шарықтау шегі мен аяқталуы бар. Қазақ ертігілеріне тән не бір бай болыпты, не бір кедей болыпты немесе хан болады. Ертегінің табиғатын, ондағы өзгерістерді, интертекстуалдылық тұрғысынан талдау үшін, біз авторлық ертегінің бірі Нұрсұлу Шаймерденованың «Гүлдер Ханшайымы» ертегісін алдық. Бұл ертегіде де *«Баяғы өткен заманда, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа аңыздары мен ертегілері жеткен, шөл даласында жел соққан Қазақстанның кең даласында бір отбасы өмір кешіпті»* деп басталып, ол отбасында егіз бала Күнжан мен Түнжан дүниеге келсе, көрші отбасында сәби болмай зарыққан ата-ананың кейпін көрсетеді. Алайда ол адамдар оңашада жылап жүрсе де мейірімділігімен танылған, көршісінің қуанышын бөлісе алатын жандар ретінде сипатталады. Тек көрші отаудағы бір әйел ғана мұңайып отырды. Бұл жанұядан уайымның көптен бері кетпей жүргенін бәрі білетін. Отасқандарына он жыл болса да, жұбайлар сәбидің інгәләған даусын ести алмай-ақ қойды. Әйел оларға бала беруін Алладан жалбарынып, ұзақ жылдар бойы көз жасын көлдей төкті. Дегенмен олардың өз балалары болмаса да олар көршілерінің қуаныштарын бөлісе білді, әрдайым көмекке мұқтаж жандарға көмектесіп жүрді. Егіздер жеті жасқа келгенде, дүниежүзіне дән таратып жүретін желдің көз жасы құрғамай жылайтын мұңды әйелге жаны ашып, оған кішкентай ғана дәнді әкеліп бергенін балалар көрді. Киіз үйдің ішіндегі әйелдің

күнде жақсы көріп отыратын орнына жел дәнді әкеліп тастады. Дән өсіп-өніп, кейін одан гүлдің баданасы пайда болды. Әйел күн сайын қызғалдақтың баданасына су құйып, баптап өсірді. Көп уақыт өтпей қызғалдақтың баданасынан әдемі сары-қызғылт гүл жайқалып өсіп шыға келді. Әйел оған Қызғалдақ деген әдемі есім қойды. Ол гүлді суарған сайын: – Менің ханшайымым, Қызғалдақ, жайқалып өсіп, бақытты бол. Ағайынды егіздер бұны көріп олар да гүлді баптап өсіре бастады. Күнжан күндіз су құйып, гүлді өзінің көлеңкесіне саялатты, ал Түнжан кішкентай гүлді түнде жел мен жаулардан қорғады. Ғажайып түндердің бірінде гүлге адам жаны қонып, ол кең алқап пен шөл даладағы гүлдердің ханшайымы – талдырмаш келген сүйкімді қызға айналып шыға келді [4, 5-7].

Атын Қызғалдақ деп қоятыны баяндалады. Бұл келтірілген мысалдан авторлық ертегідегі халық ертегісіне ұқсайтын жері оқиғаның өту уақыты нақты еместігі. Баяғы өткен заманда деп басталуы және оқиғаның өту уақыты белгісіз болса да қазақ ертегілеріне тән сипаттың бірі кеңістіктің нақты баяндалуын көрсетуге болады. Қарасудың бойында, Қаратаудың қойнында деген сияқты, авторлық ертегіде де оқиға орны, яғни кеңістік Қазақстанның жерінде болуын анықтайды. Одан әрі оқиға желісі екі ертегіде де бір перзентке зар болу, зарығып сәби күту бейнеленеді. *Төстік өзгеше бала боп өседі: бір айда бір жастағы баладай, екі айда екі жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын бала болады* [5, 11]. Сөйтіп батыр еліне, ана-анасына адал перзент болса, «*Есесіне Түнжан қайратты, қайсар болып, өз жанұясын ғана емес, бүкіл туған жерін, ауылын жаулардан қорғаймын деп түнде ұйықтамаушы еді*» деген жолдардан авторлық ертегі кейіпкерлері Күнжан мен Түнжан да елін, жерін, жарын қорғайтын адал перзент екендігін көруге болады. Бұл жерде «Қызғалдақ» бір жағынан әдемі гүл ретінде алынса, екіншіден сұлулық символы, әрі қыздың нәзіктігін теңейтін гүл ретінде алынып отыр. Кесте түрінде берер болсақ (1-кесте):

1 кесте – Қазақ халықтық ертегісі мен авторлық ертегісіндегі интертекстуалдылық

Ер Төстік ертегісі (халықтық ертегі)	Гүлдер Ханшайымы (авторлық ертегі)
Ерте заманда Ерназар деген бай болыпты. Ерназардың өзі бай болыпты. Төрт түлік малы сай болыпты. Қора толған қойлары болыпты. Келе-келе түйелері болыпты. Өріс толған жылқылары болыпты.	«Баяғы өткен заманда, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа аңыздары мен ертегілері жеткен, шөл даласында жел соққан Қазақстанның кең даласында бір отбасы өмір кешіпті»
Тұруға мұршасы келмей жатқан шал шаңыраққа қараса, шаңырақтың күлді реуішінде керулі тұрған кер биенің төс тігі көзіне түседі. Ерназар қуанып, есі шығады. Төстікті асып жеп, шал мен кемпір әлденеді. Ұзамай кемпір жүкті болады. Мезгілі толып босанады. Бір ұл туады, оның атын төстік жеген соң біткен бала деп Төстік қояды.	Ғажайып түндердің бірінде гүлге адам жаны қонып, ол кең алқап пен шөл даладағы гүлдердің ханшайымы – талдырмаш келген сүйкімді қызға айналып шыға келді.
Төстік өзгеше бала боп өседі: бір айда бір жастағы баладай, екі айда екі жастағы баладай, үш айда үш жастағы баладай, бір жылда он бестегі жасөспірімдей болып, екі жасында алысқан кісілерін алып ұратын бала болады.	Есесіне Түнжан қайратты, қайсар болып, өз жанұясын ғана емес, бүкіл туған жерін, ауылын жаулардан қорғаймын деп түнде ұйықтамаушы еді.

Екі ертегіде де кездесетін бірдей прецедентті ұғымдар «бай», «бәйбіше», «батыр», «жалғыз бала немесе қыз», «гүл», «перзентке зар болу», т.б. прецеденттілік принципімен олар өзара дискурстан дискурсқа өтеді. «Кез келген мәтін дәйексөздер мозаикасы болып сап түзейді, кез келген мәтін тұтынатын өнім және басқа қандай да бір мәтіннің трансформациясы болып табылады» [1, 34] деген Ю. Кристеваның пікірін дәлел ретінде алуға болады. Яғни, біз қарастырып отырған авторлық ертегі мәтнінде халықтық ертегі мәтінінің негізгі элементтерімен мазмұндас болып, онымен қандай да бір байланысқа түсіп тұр. Халық ертегісінің негізінде жаңа қоғамға сай жаңа туынды пайда болды. Ертегі қоғамдық форма мен қоғамдық сананың даму динамикасында өзгеріске ұшырып отыр. Интермәтін туралы тұжырымдардың астарында дәстүр, даму мәселелері жатқаны белгілі. Олай болса, авторлық ертегі мәтіндері де адамның көңіл-күйіне барынша терең бойлау сияқты ерте заманнан ауысқан адамзатқа ортақ белгілі бір жайттың, оқиғаның, көңіл-күйдің ұқсастығының, үндестігінің нәтижесі екенін көруге болады. Осыдан келіп, интертекстуалдылық дегеніміз бір туындыдағы мәтіннің өзге туындыдағы мәтінге негіз болуы, яғни, мәтіндердің кірігуі деген тұжырымға келуге толық негіз бар.

Түрлі семантикалық деңгейдегі дискурстың бұлайша өзара әрекеттесуі көп кодты мәтінде *интердискурсивтілік* деп аталады. Интердискурсивтілік когнитивтік деңгейдегі құбылыс, ол адам санасында болады. Яғни, мәтінді тыңдаушының қабылдауына орай өзгеріп отырады. Американдық ғалым М. Риффатер және И.В. Арнольд интертекстуалдылықты оқырманның қабылдауымен байланыстырады. Шығарманы оқып отырған адам оны өзінің бұрын оқыған шығармасының композициясыменен, контекстімен, семантикасымен байланыстыра алуы деп түсіндіретіндігі туралы А. Әділова «Интертекстуалдылық: пікірлер қайшылығы» деген мақаласында көрсетеді.

Ал жоғарыда атап кеткен *көп кодты мәтін* деп отырғанымыз сол мәтін ішінде кездесетін, бір концептің бірнеше мағынаны қазықтап тұруын айтамыз. Дискурстың болуымен бірге семиотикалық код, таңбалық кодтар болады. Мысалы, «*қызғалдақ*» сөзі қазақы танымда нәзіктіктің, әдеміліктің белгісі ретінде алынады, сонымен бірге қыз баланы гүлге, нәзік қызғалдаққа теңейді. Ал негізінде, қызғалдақтың ғылыми анықтамасын берер болсақ, ол келесідей: Қызғалдақ (лат. *Tulipa*) – лалагүлдер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін пиязшықты өсімдік. Қазақстанның далалық аймақтарында жиі кездеседі, 32 түрі бар, оның 11 түрі – Қазақстанның эндемигі болып саналады. Қазақстан табиғатында қызғалдақтың 35 түрі бар. Осы себепті де Қазақстан – қызғалдақтың отаны болып саналады [6, 287]. Семиотикалық кодты білдіретін сөздер имплицитті де, эксплицитті де түрде келуі мүмкін. Бұл мәтіндегі *қызғалдақ* екі мағынада да келтіріліп тұр. Бірінші мағынасында әдемі гүл болса, екінші мағынасында оның нәзік, сұлу қыз ретінде берілуін айтуға болады. Гүлдің қызға айналуы, оның да гүл тәріздес жанының тазалығы мен нәзік болуы ертегілік категориясына тән. Яғни, фольклордың ешбір түріне ұқсамайтын ертегінің ғажайыптылық ерекшелігі. Интердискурсивтілік дегеніміздің өзі негізгі берілетін хабармен, соның астарындағы хабардың байланысы. Адамның тіл тасымалдаушысының санасында көп кодты орта болады. Көп кодты ортада жүретін дискурс осы интердискурсивті сипатқа ие болады. Мысалы, ертегіде мынандай тұстар кездеседі: «*Барлығы Күнжанның сөзін мұқият тыңдады. – Мен де жақын күндердің бірінде үйленемін, – деп сөзін жалғастырды. – Бірақ мен алыс елдерге сапар шегемін. Біздің Қызғалдақтың баданасын саяхатшылар Голландия деген алыс елге алып кетті деген әңгімені желден естігенім бар. Ол елде Қызғалдақтың сіңілілері – тюльпандар өсіп жатыр, олардың да ерекше сұлулығын көрген құстардың үні шықпай қалады екен. Бәлкім, мен сонда өз гүлімнің ханшайымын кездестіріп қалармын. Одан әрі: Бұл*

уақытта Күнжан өз қалыңдығын іздеп ұзақ сапар шекті. Жел тюльпанның баданасын Германияға әкетті дегенді естігесін ол жаққа да барды. Күнжан өз Отанынан әлдеқайда кішірек Еуропаның елдеріне ұзақ сапар жасады. Ол өз үйін қатты сағына бастады. ... Қайда барса да қайырымды жандарға кездесті. Олар Күнжанды тамақтандырып, оған өз елдерін таныстырып, жол көрсетіп отырды. Міне, Голландияға де келіп жетті. Бұнда ол өз гашиғын кездестірді. Күнжан алыс Голландиядан ерекше гүл ханшаймы сұлу қалыңдығымен бірге елге оралды» деген оқиғадан авторлық ертегінің астырт құрылымындағы қызғалдақ гүлінің Қазақстанның оңтүстігінде өсетіндігі және қызғалдақтың сыңарын іздеп батырдың Голландия жеріне кетуінде оқырманға голландық қызғалдақтың шетел асып Голландия жеріне кетуін меңзейтін тұстарын аңғара алады. Ол оқырманның танымдық, аялық біліміне байланысты танылады. Себебі бұл оқиғада мынандай ғылыми негіз бар. Қызғалдақ сирек кездесетін Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген, бұрындары Алтай қызғалдағы деп аталған екен. 1873 жылы Петербор ғылым академиясының академигі, атақты ботаник Эдуард Регель Қаратау жоталарында зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында осы гүлді зерттеп, «Ресей бағбандары қауымдастығының» президенті Самуел Грейгтің құрметіне Грейг қызғалдағы деп ғылыми айналымға енгізіп жіберген.

Интертекстуалдылық мәтін шекарасын кеңейтіп, жаңаша пайымдауға, жүйелеуге жол ашады. Интертекстуалдылықтың негізгі қасиеті оның ішкі болмысының әртектілігі, анықтығы және көп нұсқалығы. Мәтіннің қайнар көздері тек мәтіннен бұрын емес, онан кейін де өмір сүре береді. Мысалы, қазақ фольклорының қаһарманы Қожанасыр туралы әңгімелер ерте заманнан бастап, қазіргі уақытқа дейін өмірдің түрлі жағдаяттарына орай жаңа заманауи мәтін үлгісінде туындап отырады. Бұл тұрғыда кез келген мәтін өзге мәтіндер кеңістігінде жанданып, қосымша мағына тудырады. Қожанасыр туралы жаңаша мазмұндағы анекдоттар қоғамның түрлі саласына орай туындап, халық арасында жаңаша мазмұнда көп таралған. Бұл жердегі Қожанасыр сияқты фольклордың қаһарманы прецедентті маркер. Прецеденттілік принципімен дискурстан дискурса өтіп, түрлі мазмұндағы мәтіндерде айтылып жүр.

Когнитивтік лингвистика анықтамасы бойынша білімді қайта жасау, ойлау, алу процесі арасындағы әрекеттесуді және оның мәтіндегі репрезентациялануын адамның когнитивтік қызметінде көрінетін, мәтіннің процессуалды табиғатындағы қазіргі әзірлемелерде басты зерттеушілік акцентке баса мән бере отырып зерттейді. Осы әзірлемелердің маңызды нәтижелерінің бірі ретінде қазіргі тіл білімінде туындаған мәтін туралы түсінікті ашық жүйе ретінде қарастырамыз. Мәтіннің ашықтығы феномені интертекстуалдылық санатына байланысты дәстүрлі түрде қарастырылады. Дискурс және дискурстық талдау теориясындағы соңғы зерттеулерге байланысты мәтіннің ашықтығы туралы пікір тағы бір қосымша ойлаудың ракурсын, атап айтқанда интердискурс пен интердискурстылық категориясы тұрғысынан алынды. *Мәтін ашықтығы* дегеніміз біріншіден, ашықтық мәтінге тән белгі. Кез келген мәтінді жаңаша жаңғыртуға, өзгертуге, жалғастыруға болады. Соның нәтижесінде жоғарыда айтылып кеткен интермәтінділік категориясына орай, жаңаша типтегі заманауи мәтіндер өмірге келеді. Мысалы, интермәтіндік ашықтықтың мынандай түрлерін талдап көрсетуге болады: а) Мәтіннің мазмұндық-мағыналық ашықтығы; ә) Оқырман дискурсына мәтіннің коммуникативті-прагматикалық және психологиялық ашықтығы; б) Мәтіндердің бір-біріне идеялық және тақырыптық ашықтығы. в) Бір мағынадан екіншіге және бір құрылымдық-композициялық бөлігінен екіншісіне үдемелі қозғалыста жүзеге асырылатын бөлек алынған мәтіннің ішкі мазмұндық прогрессиясы. г) Бір кластың (типтің) мәтіндерінің бір-біріне типологиялық ашықтығы жалпы типологиялық конституция деңгейіндегі прототиптеу ретінде. ғ) Жалпы мәтіндік таксономиядағы бір

класс мәтіндерінің функционалды-стилистикалық қатыстылығы. Интермәтіндік ашықтықтың мазмұндық ядросы – интермәтінділіктің негізгі функциясын бірлікте жүзеге асыруда мәтінді және ойтуғызушы құрал ретінде қолданылатын мәтінаралық және субъектаралық проекцияны құрайды. Осылармен байланысты өзара дискурстардың әрекеттесу процесін анықтайтын жаңа ұғым құрылады. Интердискурсивтілік құбылысы «мәтін ашықтығы категориясы» ретінде аталады, осындай дискурстың дискурсқа қатысын анықтау қажеттілігіне байланысты пайда болады. Бұл турасында В.Е. Чернявская деген ғалым «Интертекстуальность также трактуется как «категория открытости текста» деген пікір білдіреді [7, 47].

Интердискурсивтілік адамдық білімнің интеграциялануының табиғи процесін көрсетеді. Мәтін дискурстың түрлі типтерінің интеграциялық аймағы. Мысалы, ертегі мәтнінде ертегі дискурсынан бөлек, мифтік дискурс та, діни дискурс та, ғылыми дискурс та кездеседі. Бұлай болуы әрине, қалыпты жағдай. Себебі бір мәтінде дискурстың түрлі типтері қатысатыны белгілі. Айталық, «Ер Төстік» ертегісіндегі: «Жолда бұларға перінің қызы Бекторы кездеседі, ол Төстікті көріп, гашиық болады», «Бір мезгілде төсектегі екі сары жыланның бірі үлкен кісі болады да, бірі соның бәйбішесі болады. - Жақсы келдің, Ер Төстік! Жер астындағы ел де сені ренжітпейді, - дейді. Сұр жыланның бірі жігіт, бірі әдемі қыз болып кетеді». - Жаным алыста, оны өзіммен бірге сақтаймын. Борықты бұлақтың басында қырық елік жүреді, соның ішінде қайқы қаракер елік бар, қайқы қаракер еліктің ішінде тоғыз қара сандық бар, сол сандықтың ең кішісінің ішінде тоғыз балапан бар, сол тоғыз менің жаным болады», деген мысалдардағы перінің қызы, жылан патшалығы, адамның жанының денесінен бөлек сақталуы деген ұғымдар мифке тән немесе Төстікке жолдас болатын Таусоғар, Саққұлақ, Желаяқ, Көлтауысар секілді ғажайып көмекшілердің тотемдік желеп-жебеушілер, арғы ата-бабалар, ата-аналар болып шығады. Бертінгі дәуірлерде көне мифтердегі таудың, көлдің, желдің иесі — Таусоғар, Саққұлақ, Желаяқ, Көлтауысар секілді ғажайып көмекшілер пайда болады. Анимизм — рухқа, әр заттың адам тәрізді жаны болатынына сену – қазақтарда әр нәрсенің жаны немесе иесі-рухы тәрізді адамның өзінен бөлек өмір сүре алатын жаны туралы түсінік түрінде сақталған. "Ер Төстік" ертегісіндегі алып құс, - Самұрықтың бірі құстыкіндей, бірі адамдыкіндей, адамша сөйлей алатын екі басы бар [8, 136]. Сөйтіп ертегілерде ертедегі әдет-ғұрыптармен және салт-дәстүрлермен қатар алғашқы қауымдағы мифологиялық сана мен пайымдаулардың да іздері айқын көрініс береді. Ал осы мысалдар ертегі дискурсында батырдың сынақтары, яғни жауыз күштермен, қарсыластарымен шайқасуы көрінетін ертегінің шиеленісі ретінде түсініледі. Ертегі дискурсымен мифтік дискурстың қатыстылығы барлық ертегі жанрында кездеседі. Интердискурсивтілікті өзектендіру прецеденттік феномендер есебінен пайда болады.

Орыстың халықтық ертегісі мен әдеби ертегісін салыстыра қарай отырып, ондағы интертекстуалдылыққа келер болсақ, мұнда да ұқсастықтар мен қайталауларды көру қиын емес. Мысалы, орыс халқының ертегілерінде жиі кездесетін кейбір лексикалық компоненттер мен ертегі дискурсына тән клишелік құрылымдар авторлық ертегілерде де қайталанып отырады. Мысалы (2-кесте):

2 кесте – Орыс халықтық ертегісі мен авторлық ертегісіндегі интертекстуалдылық

Морозко (халықтық ертегісі)	С.Я. Маршак “12 месяцев”	В. Радимиров «Послонец Солнца или Молодец из колодца»
<i>Живало-бывало, – жил дед да с другой женой</i>	<i>В одной маленькой деревушке жила злая и</i>	<i>Раз когда- то однажды, не в давние времена, а в</i>

	<i>скупая женищина с дочкой и падчерицей</i>	<i>настоящем жил да был бизнесмен Сан Саныч</i>
<i>Красна девица, красная</i>	<i>Тепло ли тебе, красная?</i>	<i>Тепло ли тебе, красная? добрый молодец Тут сказка вышла вся и больше сказывать нельзя.</i>

Нақтырақ айтар болсақ, С. Я. Маршактың «Жыл он екі ай» ертегісі мен орыстың халықтық «Морозоко» ертегісін алып қарар болсақ, екі ертегіде де қатал өгей шеше мен сынаққа түскен қыз туралы баяндалады. «Морозко» ертегісі «*Живало-бывало, – жил дед да с другой женой. У деда была дочка и у бабы была дочка. Все знают, как за мачехой жить: перевернешься – бита и недовернешься – бита. А родная дочь что ни сделает – за все глядят по головке: умница. Падчерица и скотину поила-кормила, дрова и воду в избу носила, печь топила, избу мела еще до свету... Ничем старухе не угодить – все не так, все худо*» [9, 18] деп басталса, С.Я. Маршактың «Двенадцать месяцев» ертегісі «*В одной маленькой деревушке жила злая и скупая женищина с дочкой и падчерицей. Дочку она любила, а падчерица ничем ей не могла угодить... Была зима. Шёл январь месяц. Снегу намело столько, что от дверей его приходилось отгрести лопатами, а в лесу на горе деревья стояли по пояс в сугробах и даже качаться не могли, когда на них налетал ветер.*

Люди сидели в домах и топили печки.

В такую-то пору, под вечер, злая мачеха приоткрыла дверь, поглядела, как метёт вьюга, а потом вернулась к тёплой печке и сказала падчерице:

– Сходила бы ты в лес да набрала там подснежников. Завтра сестрица твоя именинница. Посмотрела на мачеху девочка: шутит она или вправду посылает её в лес? Страшно теперь в лесу! Да и какие среди зимы подснежники! Раньше марта месяца они и не появятся на свет, сколько их ни ищи. Только пропадёшь в лесу, увязнешь в сугробах. А сестра говорит ей:

– Если и пропадёшь, так плакать о тебе никто не станет! Ступай да без цветов не возвращайся. Вот тебе корзинка» [10, 7] деп басталады. Одан әрі екі ертегіде де өгей қызды орманға қыста апарып тастауы, ол сынақтардан қыздың ғажайыптардың көмегімен аман әрі абыройлы оралуымен жалғасады да, ертегі соңында әдеттегідей жауыздық жеңіліс тауып, әділдіктің орнауымен аяқталады. Осы ертегінің құрылымында бірдей жоғарыда келтірген лексикалық компоненттер мен клишелік құрылымдарды кездестіру қиын емес. Алынып отырған орыс ертегілерінде жиі кездесетін жайт өгей шеше мен қыз болса, Владимир Радимировтің «Посланец Солнца или Молодец из колодца» ертегісінде өгей шеше мен ер бала алынады. Бұл ертегі «*Раз когда- то однажды, не в давние времена, а в настоящем жил да был бизнесмен один богатый по имени Сан Саныч. И был у него сын единственный пятнадцатилетний Иван*» деп басталады да, анасы қайтыс болғаннан кейін Иван жол апатына түседі. Одан кекеш болып қалады. Осының кесірінен достары оны кемсітіп орталарына қоспайды. Кейін оған қатал да, мейірімсіз өгей шешесі Вероника Арнольдовна қосылады. «*Глянул свет Иванушка на свою, стал быть мачеху, и как-то сразу она ему не понравилась. У нее тоже был сын на год Ивана постарше, по имени Эдгар. Парниша был толстый, нахальный и в манерах своих развязный.... И стали они в четвертом жить там, поживать да добра ещё наживать. Ваня про себя удивляется немало: и добра-то у нас вполне достаточно, а оно всё не наживается никак да не наживается»* [11, 5]. Ертегі одан әрі өгей шешенің Иванды қалай қорлайтыны, оны жаман жолға жұмсап

сынайтындығы айтылады. Алайда, балаға ертегілік сюжетке ғана тән ғажайып кейіпкер Солнца Посланец көмектеседі. Барлық сынақтан аман сау өтіп келеді. Өгей шеше қолынан келгенше дуаласа да, қанша жамандыққа салса да Иван ғажайып көмекшісінің арқасында жеңіске жетіп отырады. Ол соңында дені сау, күшті жігітке айналады. «... *Конец же у этой истории был таков. Папаша Сан Саныч сына своего Ивана сильно в последнее время уважал. В чѐм-то он даже стал его побаиваться. И то сам-то бизнесмен Сан Саныч был мужиком жадноватым, расчѐтливым весьма и с нижними хамоватым: ну а в Ване сила чувствовалась немалая, заключаемая в его правде. От прежнего неудачника вялого не осталось и следа, ибо полностью Ваня себя преобразовал. Полностью, да!*

– *Прошу тебя, добрый молодец, - попросила его бабушка квѐлым голосом, - перевели меня, пожалуйста, на ту сторонушку!*

А Ваня с папой жить там да поживать и с того добра наживать. Тут сказка вышла вся и больше сказывать нельзя».

Бұл келітірілген Владимир Радимировтің «Посланец Солнца или Молодец из колодца» ертегісі және С.Я. Маршактың «Жыл он екі ай» ертегісінде кездесетін прецеденттік мәтін орыстың халықтық «Морозко» ертегісі. Ондағы кейіпкерлер өгей шеше, өгей қыз, кемпірдің қызы мен шалдың қызы немесе өгей қыздың орнына ер бала Иван алынады. Кесте түрінде көрсетеміз (3-кесте):

3 кесте – Орыс ертегілеріндегі интертекстуалдылық байланысы

Морозко (халықтық ертегісі)	С.Я. Маршак “12 месяцев”	В. Радимиров «Посланец Солнца или Молодец из колодца»
<i>«Живало-бывало, – жил дед да с другой женой. У деда была дочка и у бабы была дочка. Все знают, как за мачехой жить: перевернешься – бита и недовернешься – бита. А родная дочь что ни сделает – за все гладят по головке: умница.</i>	<i>«В одной маленькой деревушке жила злая и скупая женщина с дочкой и падчерицей. Дочку она любила, а падчерица ничем ей не могла угодить»</i>	<i>«Раз когда- то однажды, не в давние времена, а в настоящем жил да был бизнесмен один богатый по имени Сан Саныч. И был у него сын единственный пятнадцатилетний Иван. ... У нее тоже был сын на год Ивана постарше, по имени Эдгар. Парниша был толстый, нахальный и в манерах своих развязный...»</i>

Бұл жердегі мәтіннің интертекстуалды байланысын орнатып тұрған ертегінің сюжеттік ұқсастығы мен прецеденттік кейіпкерлер. Мысалы, Иван есімін автордың алуы тегін емес. *Иван* – орыс ертегілеріндегі танымал кейіпкер. Яғни оқырманға оның есімі де, іс әрекеті де таныс. Сондықтан осындай есімдерді алудағы бір мақсат оқырманды тарту болса керек. Автор осы тәріздес таныс ертегілік кейіпкерлердің атын және ертегінің де атауын өзгертпей қолдану позициясын ұстануы осындай себептерден болса керек. «Это предполагает, что не только автор намеренно и осознанно включает в свой текст фрагменты иных предтекстов, но и адресат способен верно определить авторскую интенцию и воспринимает текст в его диалогической соотнесенности» [12, 108]. Авторлық ертегінің тек бастапқы бөлігі ұқсас болғанымен одан әрі мүлде басқаша сюжет өріледі. Әйгілі ертегілерді, ондағы кейіпкер атауларын пайдалану, яғни оқырманның назарын

мәтінаралық байланысқа аудартуда айтарлықтай маркер болып табылады. Мысалы, *Иван, мачеха, падчерица*, т.б. Иван орыс ертегілерінде айтарлықтай ақымақ болып келеді де, ертегі соңында оған ғажайып кейіпкерлер көмектесіп, ол үлкен жеңістерге жетіп отырады. Автор осылармен қатар цитаталық репликалар да қолданады. Автор интертекстуалды кіріспелерді көп қолдануы кездейсоқ емес. Мәтінді оқи отырып, бала эстетикалық ләззат алады және кейіпкердің қай шығармаға қатысы барын болжайды. Мысалға алынып отырған ертегідегі интертекстуалдылықтың негізгі белгілері – дәйексөздер, прецеденттік мәтіндердің атаулары, кейіпкерлердің есімдері және кейбір қайталанатын эпизодтар. Атап айтқанда, өгей шешенің жауыз әрекеттері, өгей қыздың немесе ұлдың көретін зорлықтары, Иван деген баланың мүсәпір халге түсуі, оған берілетін қиын сынақтар, оған ертегілік ғажайып кейіпкердің көмекке келуі – бәрі ертегіге ғана тән оқиға желісі. Ертегі соңында әділдік жеңіп, жауыз күштер жойылады.

Қай халықтың ертегісі болмасын, қанша уақыт өтпесін ертегінің негізгі мәнін ұстап жүретін белгілі бір маркерлері немесе прецедентті ұғымдар болады. Прецедентті ұғымдар әртүрлі болуы мүмкін.

Ертегіде интертекстуалды элементтердің қолданылуы оқырманнан өткен оқиғаны тануды, есте сақтауды және салыстырып көруді талап етеді. Сонымен бірге салыстырудың тиімділігі оқырманның эрудициясы мен оның қажетті ақпаратты таба білуіне байланысты. Прецедентті мәтіндердің болуы оқырманға мәтіннің мазмұнын болжауға көмектеседі. Айталық «Ұшқыш сандық» ертегісінің атауының өзі «Ұшқыш кілем», орыстың «Самоход скороход» ертегісімен ассоциацияланып, ертегінің қиял-ғажайыпқа толы екендігінен хабар береді. Интертекстуалдылықтың негізгі белгілері – дәйексөздер, прецеденттік мәтіндердің аттары, кейіпкерлер, кейбір қайталанатын эпизодтар. Мысалы, талданып отырған екі халықтың ертегісінде де прецедентті ұғымдар: хан, ханшайым, батыр, бала, ғажайып заттар мен ғажайып кейіпкерлер.

Қорытынды. Интертекстуалдылық және интердискурсивтілік (И. В. Арнольд, М. М. Бахтин, Г. Слышкин, Ю. Н. Караулов, В. В. Красных, В. Е. Чернявская, В.К.Батиа, Д. Брюс, Н. Фэрклүф, Дж. Кристева) мәтіндік біртектіліктің (гетерогенность) басқа түрлерімен қатар уақыт пен кеңістіктегі мәдениеттер диалогының көрінісі саналады. Интертекстуалдылық негізінен прецеденттік мәтіндер арқылы жүзеге асады (Ю.Н. Карауловтың термині), оның жаңғырығы көптеген ғасырлар бойы қайта-қайта жаңарып, адамзаттың жалпы мәдени байланысының өзіндік буыны болып табылады. Бұрынғы данышпандардан дәйексөз келтіру қазіргі әлем мен басқа дәуірлер әлемін олардың адамгершілік және рухани құндылықтарымен салыстыруға мүмкіндік береді. Прецеденттік мәтіндер мифтер, ертегілер, әндер, дұғалар болуы мүмкін [13, 167].

Қорыта айтқанда, көркем мәтін дискурстың түрлі типтерінің интеграциялану аймағы болып табылады. Интердискурсивті әрекеттесу вербалды және бейвербалды түрде көрінуі мүмкін. Талданып отырған мәтінде көп жағдайда интердискурсивтілік категориясы мағыналық деңгейде көрсетілген екі дискурстың тілдік маркерлерін қолданылуымен көрінеді. Интердискурс ақпараттың қатысуымен қалыптасқан, білімнің басқа саласының әрекеттесуі. Қазіргі күні лингвистикада интердискурсивтілікті зерттеу тәжірибесі жинақталған, ол бір жағынан көп кодты мәтіндегі интердискурсивтілікті зерттеу үшін бар білімді қолдану болса, екінші жағынан аталмыш құбылысты зерттеудің болашағын анықтауға мүмкіндік береді. Дискурсивтіліктің бір көрінісі – ертегі мәтіндеріндегі прецеденттік атаулар, шындық, жағдайлардың авторлық ертегілердегі қолданылуы. Ертегі бізге этностың ұлттық дүниетанымының ерекшеліктерін, ойлаудың даму динамикасын және ол жасаған лингвомәдени құндылықтарды бағалауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Кристева, Ю. Бахтин, слово, диалог и роман [Текст] / Ю. Кристева // Французская семиотика: от структурализма к постструктурализму / пер. с франц.; сост., вступ. ст. Г.К. Косикова. – М.: ИГ «Прогресс», 2000. – С. 427–457.
- 2 Лотман, Ю.М. Текст в тексте [Текст] / Ю.М. Лотман // Вестник МГУ. Серия 9: Филология, 1995. – № 1. – С. 102–107.
- 3 Әділова, А.С. Интертекстуалдылық: пікірлер қайшылығы [Текст] / А.С. Әділова // Известия НАН РК. Серия филологическая, 2006. – № 5. – Б. 56–64.
- 4 Шаймерденова, Н. Гүлдер ханшайымы: бірге оқимыз және сурет саламыз [Текст] / Н. Шаймерденова. – Астана, 2017. – 28 б.
- 5 Қазақ ертегілері [Текст]. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2022. – 264 б.
- 6 Қазақ энциклопедиясы [Текст]. – Алматы, 1998. – 720 б.
- 7 Чернявская, В.Е. Открытый текст и открытый дискурс: интертекстуальность – дискурсивность – интердискурсивность [Текст] / В.Е. Чернявская // Лингвистика текста и дискурсивный анализ: традиции и перспективы / отв. ред. В.Е. Чернявская. – СПб., 2007. – С. 188.
- 8 Қасқабасов, С.А. Фольклор туралы [Текст] / С.А. Қасқабасов. – Алматы: Жібек жолы, 2009. – 269 б.
- 9 Народные русские сказки [Текст]: изб. сборник А.Н. Афанасьева / тексты обработаны В.П. Аникиным. – М.: Художественная литература, 1983. – С. 239.
- 10 Маршак, С.Я. 12 месяцев: сказка [Текст] / С.Я. Маршак. – М.: Малыш, 2020. – 62 с.
- 11 Радимиров, В. Посланец Солнца или Молодец из колодца: сказка [Текст] / В. Радимиров. – Режим доступа: <http://www.proza.ru/2015/03/23/866>
- 12 Скугораева, Е.В. Категория интердискурсивности в тексте художественного произведения (на материале романа Д. Брауна «Ангелы и демоны») [Текст] / Е.В. Скугораева // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского, 2017. – № 6. – С. 222–225.
- 13 Арнольд, И.В. Семантика. Стилистика. Интертекстуальность [Текст] / И.В. Арнольд; науч. ред. П.Е. Бухаркин. – Изд. 2-е. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2010. – 365 с.

REFERENCES

- 1 Kristeva, Yu. Bakhtin, slovo, dialog i roman [Bakhtin, the Word, Dialogue, and the Novel]. In: Francuzskaya semiotika: ot strukturalizma k poststrukturalizmu. Moscow: IG “Progress”, (2000): 427–457. – (In Rus)
- 2 Lotman, Yu.M. Tekst v tekste [Text within the Text]. Vestnik MGU. Seriya 9: Filologiya, (1995): No. 1, S. 102–107. – (In Rus)
- 3 Adilova, A.S. Intertekstualdylyk: pikirler kaishylygy [Intertextuality: the Contradiction of Opinions]. Izvestiya NAN RK. Seriya filologicheskaya, (2006): No. 5, B. 56–64. – (In Kaz)
- 4 Shaimerdenova, N. Gulder hanshaimy: birge okimiz zhane syret salamyz [The Flower Princess: Let’s Read and Draw Together]. Astana, (2017): 28 b. – (In Kaz)
- 5 Kazakh ertegileri [Kazakh Fairy Tales]. Almaty: Almatykitap baspasy, (2022): 264 b. – (In Kaz)
- 6 Kazakh enciklopediyasy [Kazakh Encyclopedia]. Almaty, (1998): 720 b. – (In Kaz)
- 7 Chernyavskaya, V.E. Otkrytyi tekst i otkrytyi diskurs: intertekstual’nost’ – diskursivnost’ – interdiskursivnost’ [Open Text and Open Discourse: Intertextuality – Discursivity – Interdiscursivity]. In: Lingvistika teksta i diskursivnyi analiz: tradicii i perspektivy. Saint Petersburg, (2007): S. 188. – (In Rus)

8 Kaskabasov, S.A. Fol'klor turaly [About Folklore]. Almaty: Zhibek zholy, (2009): 269 b. – (In Kaz)

9 Narodnye russkie skazki: izbrannyi sbornik A.N. Afanas'eva [Russian Folk Tales: Selected Collection by A.N. Afanasyev]. Moscow: Hudozhestvennaya literatura, (1983): 239 s. – (In Rus)

10 Marshak, S.Ya. 12 mesyacev: skazka [Twelve Months: A Fairy Tale]. Moscow: Malysh, (2020): 62 s. – (In Rus)

11 Radimirov, V. Poslanec Solnca ili Molodec iz kolodca: skazka [The Messenger of the Sun or the Brave Man from the Well]. Available at: <http://www.proza.ru/2015/03/23/866> – (In Rus)

12 Skugoraeva, E.V. Kategoriya interdiskursivnosti v tekste hudozhestvennogo proizvedeniya (na materiale romana D. Brauna “Angely i demony”) [The Category of Interdiscursivity in a Literary Text (Based on Dan Brown’s Novel “Angels and Demons”)]. Vestnik Nizhegorodskogo universiteta im. N.I. Lobachevskogo, (2017): No. 6, S. 222–225. – (In Rus)

13 Arnol'd, I.V. Semantika. Stilistika. Intertekstual'nost' [Semantics. Stylistics. Intertextuality]. Moscow: Knizhnyi dom “LIBROKOM”, 2nd ed., (2010): 365 s. – (In Rus)